



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 6B05101 – Биология

**БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
МАҚСАТЫ**

Ұйымдастыру - технологиялық, өндірістік – басқару, жобалау, ғылыми – зерттеу, табиғатты қорғау, педагогикалық қызмет үшін мамандардың сапасына қойылатын талаптарды қанағаттандыратын іргелі және қолданбалы сипаттағы бакалавр – биологтарды дайындауда кәсіби құзыреттілікке ие кадрларды даярлау

**КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ
САЛАСЫ**

Ғылыми-зерттеу қызметі, мемлекеттік реттеу, педагогикалық қызмет

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН 1 – әлеуметтік-философиялық және дүниежүзілік-тарихи даму заңдылықтарын жинақтайды, әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде гуманитарлық, әлеуметтік және экономикалық ғылымдар білімін пайдаланады; адами болмыстың мәдени өлшемінің құрамдас бөлігі ретінде өнердің функционалдық қарым-қатынасын және қоғамның қажеттілігін *талдайды*;

ОН 2 – этномәдени және конфессиялық айырмашылықтарды және қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін ескере отырып, көпмәдени ортада кәсіби қызметті ұйымдастыру тәсілдерін *қолданады*;

ОН 3 – ой-өрісі кең және ойлау мәдениетімен жоғары білімді тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін, салауатты өмір салтын жүргізуге ұмтылатын практикалық міндеттерді *шешеді*;

ОН 4 – мемлекеттік, орыс және шет тілдерінің лингвистикалық құралдарымен өз көзқарасын түсіндіреді, ғылыми саланың нақты сөйлеу жағдайларындағы нақты жағдайларды/кейстерді *шешеді*;

ОН 5 – бұрын зерттелген материалға негізделе отырып, кәсіби міндеттерді шешу үшін базалық теориялық білімді *біріктіреді және пайдаланады*;

ОН 6 – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану саласында кәсіби дайындыққа ие, пәндік мамандану саласында қазіргі заманғы ақпараттық ағындарда бағдарлай алады және қазіргі биологияның динамикалық өзгермелі үрдістері мен бағыттарына *бейімделе алады*;

ОН 7 – ғылыми және педагогикалық қызметке шығармашылық, зерттеу тәсілін және абстрактілі ойлау қабілетін көрсетеді;

ОН 8 – өнімді, гипотезаны, құбылысты немесе оқиғаны жүйелі түсіндіру үшін әр түрлі көздерден алынған ақпаратты талдайды, синтездейді және шығармашылық түрлендіреді;

ОН 9 – биологияның арнайы салаларында іргелі білімді қолданады; биологиялық процестер мен құбылыстарды модельдеу және талдау үшін негізгі биологиялық және компьютерлік әдістерді таңдайды және қолданады;

ОН 10 – зертханалық және далалық жағдайларда ғылыми эксперимент қоюды жүзеге асырады, ғылыми-қолданбалы және білім беру міндеттерін шешуде жаратылыстану ғылымдарының жүйелендірілген теориялық және практикалық білімін пайдаланады.